


ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ




ISET KUTEBAR

ДАЛА ГЕРКУЛЕСИ

Тауман Төрехановтың кітаптары




**Қанмен Жазылған
Тағдырлар**




Көз Көргендер Еді



Ғасыр Қасіреті



**Зердесінде Ұрпақтың –
Ұжмақ Елі –
“... Жазбады-ау, демесін”**




Кісенделген Дала



Адам Әлемі



Тарихтың Қанды Іздері



Дала Геркулесі

www.tauman-torekhanov.com

- **Көз көргендер еді.** Повестер, әңгімелер, очерктер.- Алматы: Атамұра, 1999.- 320 б.
- **Қанмен жазылған тағдырлар.** Тарихи эсселер.- Алматы: Атамұра, 1999.- 416 б.
- **Ғасыр қасіреті.** Екі кітаптан тұратын деректі роман-диалогия.- Алматы: Атамұра, 2000.- 702 б.
- **Зердесінде ұрпақтың, Ұжмақ елі, «...Жазбады-ау», демесін.** Повестер, жол очерктері.- Алматы: Атамұра, 2001.- 222 б.
- **Кісенделген Дала.** Деректі роман-трагедия.- Алматы: Атамұра, 2003.- 416 б.
- **Адам әлемі.** Повестер, әңгімелер, очерктер.- Алматы: Атамұра, 2004.- 215 б.
- **Тарихтың қанды іздері.** Тарихи деректі, өткір сюжетті роман-эпопея.- Алматы: Атамұра, 2005.- 704 б.
- **Дала Геркулесі.** Тарихи-хронологиялық, деректі роман-трилогия.- Алматы: Атамұра, 2008.- 600 б.

Кітаптар авторының бұл шығармалары, өмірбаяны, басқа да қажетті мағлұматтары және KZ банкісіндегі сәтін, ресми веб-сайтында <http://www.tauman-torekhanov.com> толығырақ берілген.



ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

ДАЛА ГЕРКУЛЕСІ

Тарихи және архивтік құжаттарға, XIX-XX ғасырларда
ғұмыр кешкен ел ғұламаларының естеліктеріне негізделген
тарихи-хронологиялық роман – үш шығарма

ГЕРКУЛЕС СТЕПЕИ

Историко-хронологический роман-трилогия, основанный на
исторических, архивных материалах из воспоминаний и
высказываний очевидцев, живших в XIX-XX веках

«Исет был сложен как Гераклес, его атлетические формы,
его дикая красота и приемы полные отваги могли пора-
зить европейца, и имели сильное влияние в кругу его со-
отечественников».

*Е.П. Ковалевский. Странствователь по суше и
морям. Кн. 1, с. 155, 1843-1845, С-Петербург.*

«Для этой эпохи – это была интереснейшая личность,
очень популярная в степях».

*Бронислав Залесский. Польский революционер,
художник, писатель.
Париж, 1865.*

Алматы 2008

ББК 84 Каз 7-44

Т 65

Т 65 Төреханов Т.А.
Дала Геркулесі: тарихи-хронологиялық – үш шығарма роман, деректі-архивтік құжаттарға, XIX-XX ғасырларда ғұмыр кешкен ғұламалардың естеліктеріне негізделген басылым – **Геркулес степей:** историко-хронологический роман-трилогия, основанный на документально-архивных материалах из воспоминаний и высказываний очевидцев, живших в XIX-XX веках.- Алматы, 2008.- 584 бет.

ISBN 9965-21-804-8

Белгілі журналист-жазушы, Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Шалқар ауданы және Шалқар қаласының Құрметті азаматы Тауман Төреханов жақында XIX ғасырдың бірінші, сондай-ақ екінші жартысының алғашқы жылдарындағы қазақ елінің Батыс өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы – халық батыры, ұлттық тұлға Есет Көтібарұлы жайлы деректі тарихи-хронологиялық роман жазып бітірді. Бірден айту керек, бұрын – сонды Есет Көтібарұлы жайлы мұндай терең зерттелген, архивтік материалдарға, екі ғасыр кұәлары көнекөз-замана шежірешілері атанған қарттардың естеліктеріне негізделген көлемді де көркем сөзбен жазылған тарихи шығарма болмаған. Ал жарық көрген қандай да болмасын кітаптар, монографиялар, зерттеулер, диссертациялар заманының текпінімен жазылған.

Романда Есет Көтібарұлының басшылығындағы жиырма жылға созылған халықтық қозғалысты, кейін халықтық көтеріліске айналған бұл тарихи құбылысты Лондон, Париж, Германияның Агусбург-цайтунг қаласының газеті, Колумбия, АҚШ, Варшава, Ресей, Орта Азия баспасөздері шулап жазған. Көп сыры ашыла қоймаған Орынбор – Самара губернияларының генерал - губернаторлары Перовскийдің, Обручевтың, Катениннің, Есет батырдың жиырма жыл бойы соңына шырақ алып түскен Григорьевтың, орыс, поляк жиһанкездері мен демократтары Ковалевскийдің, Залесскийдің, Игнатъевтың, Ресей сыртқы және ішкі істер министрліктер дипломаттары мен офицерлерінің жазбалары, күнделіктері, рапорттары, патшалардың кейбір жарлықтары, Хиуа, Қокан хандықтарының астыртын қимылдары берілген, фотосуреттері жарияланған. Сондай-ақ Шоқан Уалиханов пен Михаил Венюковтың 1865 жылы Лондонда ағылшын тілінде шыққан шығыс сериясында жарық көрген “Есет Көтібар – дала серкесі” атты еңбегі қысқартылып түпнұсқасында, орысша аудармасында, автордың түсінектемесінде берілген. Онда Есет батырдың және ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқан, тұңғыш ұлы Назардың да фотосуреттері басылған. Орыс генералы И.Ф. Бларамбергтің жазбалары да бар.

Сондай-ақ кітапта Ресей патшалығының қазақтың Батыс өңірін отарлау, экспансиялау саясатының жүзеге асуына бір ғасыр тосқауыл жасаған Көшімхан және жиырма жылға бөеген Есет Көтібарұлы жайлы тарихи деректерге сүйенген тегеуірінді пікірлер айтыла отырып, отарлаушылардың, кешегі қызыл империяның Есет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне берген біржақты (ықпал теориясы – теория влияния) бағаларына автор өз көзқарасын беріп, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі тұрғысынан баяндаған.

Кітап тарихшыларға, философтарға, әдебиетшілерге, журналистерге, студенттерге, мұғалім-ұстаздарға, жалпы қалың оқырмандарға арналған.

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-21-804-8

Төреханов Т., 2008

МАЗМҰНЫ

Кітапқа кірген материалдардың тақырыптары

Құрметті оқырман	6
Кейбір деректер.....	11

Бірінші кітап

Көтібар батырдың Кете еліне – нағашы жұртына сапары	
Болпыш батасы	15
Жолда: Бопай Ана зиратындағы түн	49
Көтібар батырдың түсі Тама Есет Көкіұлының аян беруі	71
Ұлы Даланың ұлы перзентін берген Ұлы құмның Ақші	84
Отты күндердің күркірі	106
Замана қайраткерлерін берген Ана	144
Елдің қазасы мен азасы	153

Екінші кітап

ЕСЕТ ЖОЛЫ

Хан төрткілі	181
Толғанай тоғайында	195
Е.П. Ковалевский Есет елінде	201
Мұзбел: Қаумен құдығында	210
Шекті елінің келіні – Тағылима	219
Ақбұлақ жағасындағы жоспар-жосақ.....	228
Созақ соғысынан оралғандар	238
Есет батырдың хан Кенемен кездесуі	242
Бронислав Залесский: таңғалу, талықсу	252
Бәймен бұлағы басында	269
Ұлыны Ұлы таниды	276
Ашық алқабындағы айқас	281
Шешім алдындағы түйін	293
Дауыл өзені: Құлбарақтағы кеңес	296
Қамауда	300
Есет үстінен «қозғалған қылмысты іс»	314
«Сол жігіт»	321

«- Тыңда, Григорьев!»	325
Жазалаушы отрядтар ойраны	339
Мұғалжар асуында	343
Лондон: капитан Ш.Уалиханов, М.Венюков және басқалары «Русские в Центральной Азии», «Есет Көтібаров–Дала серкесі»	352
Есет Көтібар жайлы кейбір архивтік деректер: Гамбургтен хаттар – 1, 2, 3, 4	361
Би Исет Кутебаров	367
Асмантай-Матай: қауыс айы	384
Есетке генерал-губернатордың хаты	395
Жері еді Жанғылыштың Кошқар-Ата, Қыздар-Шыққан	396
М.Н. Галкин. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю	402
Жем- Кеңсуат: Есет пен Катениннің кездесуі – жаңа дәуір. Тарихи оқиға	421
Сүтті көл: тарихи сапар, қыр көрсету ме, әлде ?	450
Дар алындағы сөз	463
Ата-баба зиратына қажылық парызын өтеу	468
Қажылық сапар соңы	470
«Табалдырыктан биік тау жоқ ...»	472
Дат: тарихқа тағылым	479
Үркеріңнен адаспа, халқым!	483
Шолақжиде: Дағпырт пен Даңқ	492

АРҚАДА ҚАЛДЫ ЕСІМ ЕСЕТ ДЕГЕН


Ердің соңы Есет өткен жедді еді	512
Д.И. Дулатова. Есет Көтібаров бастаған көтеріліс	537
Ұлы батыр, тура Би, халық пір тұтқан әулие Есет жайлы	539
Түрлі көзқарастар. Түйін	542

Үшінші кітап-альбом

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ҰРПАҚТАРЫ XX-XXI ғасырларда

<i>Сәбит Досанов</i> , халықаралық М. Шолохов атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР қайраткері. <i>Тауманның таңбасы</i>	548
---	-----

<i>Жазира Байсымбекова</i> , жазушы. <i>Тартысты тағдыр</i>	555
<i>Р.М. Сыдықов</i> , Шалқар ауданының Әкімі. <i>Құттықтау</i>	559
<i>Шалқар аудандық мәслихаты XXXIII сессиясының шешімі</i>	559
<i>Тауман Төрехановқа құрметті атақ бергені жайлы</i> <i>Республика БАҚ ақпараттары</i>	559
<i>Есенбай Дүйсенбай</i> , акын. <i>Тау аға</i>	561
<i>Өркен Жоямергенұлы</i> , журналист. <i>Қос батырдың тұяғы</i>	562
<i>Үмбетбай Уайдин</i> , сатирик акын. <i>Көк сия, қара сия, қызыл сия</i> ...	565
<i>Мереке Өсербайұлы</i> , ауылшаруашылық маманы. <i>Тауман аға!</i>	566
<i>Мұхамбетәли Есмағамбетов</i> , журналист. <i>Алыстап кетті-ау</i> <i>сол жылдар</i>	566
<i>Көтібар, Есет, Самұрық әулиелердің батасымен</i>	571
<i>Тауман Төреханов</i> . <i>Ұлы адам еді</i>	575
<i>Үмбетбай Уайдин</i> . <i>Бір жақсы – бір жақсыға жол ашар</i>	574
<i>Қыдыралы Әлин</i> . <i>Өмірін өлке тарихына арнаған</i>	580
<i>Әулет ажарлары: фотосуреттер сөлейді</i>	583



Құрметті оқырман!

Бұл деректі тарихи-хронологиялық¹ роман-трилогияның² оқиғаларын, деректерін, архивтік құжаттарын осы жолдардың авторының сонау жиырмамыншы ғасырдың белортасында Қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университеті студенті болып жүрген жылдары Алматыдағы А.С. Пушкин атындағы Көпшілік кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бөлімін басқаратын Әмина Ахметқызы Қонаеваның (бұл тұлға Д.А. Қонаевтың және Төлеу Бәсеновтың жұбайы Гауһар Ахметқызының туған әпкесі) қамқорлығымен, тарих ғылымдарының докторы, атышулы ғұлама ғалым Бек (Бекежан) Сүлейменовтың ұсынысымен, қазақтың туңғыш сәулетші ғалымы (архитекторы) Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың ақыл-кеңесімен кітапханаралық құпия пошта арқылы алмасып тұратын бөлімнен алып, танысуына мүмкіндік болған еді. Сол баға жетпес материалдарға ол заманда жариялық беруге болмайтын-ды. Олар менің архивімде жарты ғасырдан астам уақыт сарғайып жатты.

Әрине, кейін де тиіп-қашып жүріп, жинаған, танысқан архивтік материалдар аз болмады. Бірақ ол заманда мұндай кесек-кесек тарихи-архивтік құжаттарға негізделген тарихи-көркем шығарма жазу тек арман еді.

Сонымен осы тарихи-хронологиялық романның дүниеге келуіне арқау болған кейібір еңбектерді атайтын болсақ:

Тимм В. басқаруындағы «Русский художественный листок» журналында жарияланған «Би Исет Кутебаров» деген ұзақ жылғы жазбалар, С.-Петербург, 1858.

Бларамберг Иван Федорович – орыс генералы, «Жазбалары», С.-Петербург, 1845.

Шоқан Уалиханов, Михаил Веников – «Исет Кутебаров рыцарь степи», Сборник «Русские в Центральной Азии», Лондон, изд. Этвард Стэнфорд, 1865.

Capt. Valikhanov, M. Venjukof and other Russian Travellers – Chapter X. Part III. Iset-Kutebar, the Knight of the Steppe. A Kirghiz Rob

¹ Хроника (греч. *chronika*, *chronos* - время), запись ист. событий в хронологической последовательности, т.е. лит. жанр повествовательно излагающее исторически достопримечат. события в их врем. последовательности... Словарь БЭС, стр. 1323, М., 1998.

² Трилогия – три произведения одного автора, объединенные общим замыслом и преемственностью сюжета. С.И. Ожегов, словарь русского языка, стр. 810, М., 1989.

Roy, 1854 – 1862. In: «The Russians in Central Asia». Translated from the Russian by John and Robert Michell, London: Edward Stanford, 6 Charing Cross, 1865.

«**Augsburger Zeitung**» (Аугсбургер Цайтунг) – Германия, Аугсбург, 1858.

Галкин М.Н. – «Этнографические исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю», изд. Я.И. Исакова, С.-Петербург, 1868.

Олвэрт, Эдвард – «Центральная Азия – 130 лет русского господства», университет Колумбия, 3-е изд., Дарам и Лондон. Отпечатано в США.

Allworth, Edward – «Central Asia. 130 Years of Russian Dominance, A Historical Overview», Duke University Press Durham and London, 1994.

Терентьев М.А. – «История завоевания Средней Азии», в 3-х томах, т. 1., типо-литография В.В. Комарова, С.-Петербург, 1906.

Басенов Толеу – «Архитектура Казахской ССР», Алматы, 1947.

Залесский Бронислав – «Жизнь казахской степи», Париж, 1865.

Ковалевский Егор – «Странствователь по суше и морям», кн. 1., ч.3.- С.-Петербург, 1868.- 1843-1845;

Өтенияз Самат – «Шоқан өскен орта», Алматы, 1995.

Central Asia – Сборник, Duke, Universitu Press Durham and London, 1994.

Edward Stanford, Gcharing Cross – The Russians in Central Asia, London, 1865.

Central Asia, and the Recent Russian Acquisitions in.

Maria-Gerhard Ditterich – Есет Көтібарұлы жайлы Гамбургтан хат-1, 2, 3, 4.

Людмила Қарасаева³ – Санкт-Петербургтан хат.

Еске алуға: Есет Көтібарұлының ұлт-азаттық көтерілісі жайлы Еуропа елдерінің Англия - Лондон, Франция - Париж, Швеция - Стокгольм, Германия Федеративтік Республикасының Гамбург, Ганновер, Аугсбург, Берлин, Мюнхен қалаларының, Колумбия, Америка Құрама Штаттарының, С.-Петербург архивтерінен, Канада - Монреальдан жоғарыда аталған кітаптардың, құжаттардың түп нұсқасын-оригиналдарын өз қаржыларына сатып алып, бір қатарларын ксерокөшірмеге түсіріп, поштамен жіберген Мария, Герхард Вильгельм Диттерих, Людмилаға, Машаға, Сәуле Тауманқызына, Марат Елубайұлына, Еленаға, Әйгерім Әлиханқызына, Светлана Тауманқызына, Ролан Маратұлына (Интернетте вебсайт беттер ашқан) алғысым шексіз.

³ Людмила Қарасаева – С.-Петербург қаласының тұрғыны, дәрігер, осы жолдар авторының бәйбішесі Балзада Шәмшіқызымен Германияда, Берлинде болғанда кездескен, қазақтың арда қызы, әкесі Орал ауылшаруашылық академиясының ректоры.

Осы деректі тарихи-хронологиялық роман-трилогияны жазу үстінде Россия монархы Александр II, Орынбор–Самара губернияларының генерал губернаторлары В.А.Перовскийдың, Обручевтың, А.А. Катенинның, Россия соғыс министрлігі Бас штабының полковнигі И.Ф. Бларамбергтің, Батыс округтің аға сұлтаны М. Таукиннің, Россия Сыртқы істер министрлігі Азия Департаментінің директоры И.М. Толстойдың, Орынбор губерниясы генерал губернаторының вице-губернаторы А.Д. Балкашинның, флигель-адъютант, полковник Н.П. Игнатъевтың, А.И. Добромисловтың, Л. Мейердің, М.И. Фетисовтың, басқа ондаған аға офицерлердің, командирлердің, аға сұлтандардың, аудармашылардың, ел билері мен ақсақалдарының, басқада ресми адамдардың пәрмендері, нұсқаулары, тапсырмалары жазылған жазбалары, ақыл-кеңестері, еске алынды. Айтармыз, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі тұрғысынан тәуелсіз (ықпал теориясыз) бағалар терілді.

Есет Көтібаров басқарған ұлт-азаттық көтерілісінің жаңғырығын паш еткен Лондоннан шығып тұрған Герценнің «Колокол» журналының, Чернышевскийдің «Современник», «Русский художественный листок», «Русский архив», «Отечественные записки», «Вестник Европы», «Русский инвалид», «Аугсбургер Цайтунг», т.б. ондаған басылымдар болды.

Сондай-ақ кешегі кеңес өкіметі дәуіріндегі Есет Көтібаров бастаған ұлт-азаттық көтерілісі жайында коммунистік тұрғыдан ықпал теориясын (теория влияния) басшылыққа алып баға берген, зерттеген көптеген материалдарға да сын көзбен назар аударылды.

Бұл кітапты өмірге әкелуге тағы бір көз-негіз болған мықты жайт – роман кейпкерлерінің туып-өскен өлкесінде осы жолдардың авторының туып, өсіп, жарты ғасыр баспасөзде, оның отыз жылдан астам уақытында бас редакторлық қызмет атқаруы себеп болды. Осы жылдары Ақтөбе облысының аумағын тұтастай іс сапармен аралауымда мол мүмкіндік туды. Сондықтан XIX ғасырдың соңында, XX ғасырда ғұмыр кешкен жүзге тарта көнекөз карттармен жүздесіп, әңгімелесуім кейін үлкен ой-идея туғызды.

Сол бір екі ғасырға жуық тарихтың куәгерлері болған ұрпақтан ұрпаққа естеліктерімен оқиғаларды жеткізген, әңгімелерді айтқан, баяндаған күміс көмей, көсемсөз, жағы жоқ шешен аталар мен аналардың ат-жөндерін, осы бір дәуірдің оқиғасын барынша сөз

ететін тарихи роман-хроникаға беруді жазушы ретінде парызым деп санадым.

Бақилыққа кеткен, мәңгілік ұйқыда жатқандардың топырақтары торқа болғай, фәни дүниедегілері болса, нұры тасығай деген ақ жүректен шыққан ақ алғысыммен:

Матай Қоқанұлы – ғұлама теолог, Шалқар мешітінің бас имамы.

Жанаман ахун – Шалқар мешітінің бас имамы.

Жүгініс Төлегенұлы – тоқсан жылдай ғұмыр кешкен, жағы жоқ шежіреші.

Ақбала-Ана – Есет келіні, «Ғасыр емені» атанған, Есет батырдың қабірына топырақ салған, Төлеу, Нәби Бәсеновтердің анасы.

Медеубай Бакбергеноұлы – дәуірдің шешен шежірешісі.

Жұбай Балымқұлұлы – тарихи оқиғаларды мүдірмей айтатын шежіреші.

Төлеу Әйтеңұлы – Арыстан батырдың ұрпағы – күміс көмей шежіреші.

Алыбай Төреханұлы – Есет батырдың немересі.

Құлмырза-Ата – көкірегі кең шежіреші, Тілеу баба ұрпағы.

Қали Сейтенұлы – Арыстан Тінәліұлының ұрпағы.

Бек (Бекежан) Сүлейменов – ғұлама ғалым, жағы жоқ шешен.

Әмина Ахметқызы Қонаева – А.С.Пушкин атындағы көпшілік кітапхананың бөлім меңгерушісі.

Тахауи Ахтанов – ұлы жазушы.

Төлеу Алдияров – тарихи оқиғалардың біліктісі.

Тілеужан Шойғарин – ақын, журналист, ел тарихының шежірешісі.

Қанаш Бекмағамбетұлы – ел тарихының көзі, құлағы.

Рүстем Айтжанұлы, аса білікті шежіреші.

Оспан Мақатов – ақын, тарихи оқиғаларды бабына келтіріп, домбыраға қосып айтудың шебері.

Сүйеубай Көптілеуұлы – арда аға, терең сырлы шешен, Тілеу баба ұрпағы.

Жиенбай Шарбақов – Жем-Темір өңірінің тарихын терең біліп, сазымен айтатын білікті адам.

Жағынар Әміров – Арғын баба ұрпағы, тарихи оқиғалардың білікті күміс көмейі.

Қанатбай Елеусізұлы – белгілі қоғам қайраткері, Мөнке Би бабаны тұнғыш жарыққа алып шығушы. Есет Көтібарұлының туғанына 190 жылдығын (1993 ж.) өткізудің, Есет-Дәрібай кесенесін қайта тұрғызу жөніндегі республикаралық комиссияның төрағасы.

Есенбай Дүйсенбай – қазақтың көрнекті ақыны.

Мәжит Сыдықов – елдің белгілі азаматы, Достан батырдың ұрпағы.

Жұма Құрмашев – ғұлама шежіреші.

Зәкірадин Байдосов – тарихи тұлғаларды зерттеуші.

Самағ Өтенияз – ғалым, Есет Көтібарұлы жайлы Шоқан Уәлиханов пен Михаил Венюковтың 1865 жылы Лондоннан ағылшын тілінде шыққан кітабының түпнұсқасынан ксерокөшірмесін әкелуші.

Бақытжан Жанасаев – заңгер, журналист.

Төлеубай Төлепбергенов – Есеттанушы.

Төлеген Алдонғаров – Қарақалпақстанда тұрған, белгілі молда, батырлар ұрпағы.

Молдахмет Қаназ – белгілі қайраткер, публицист, жазушы.

Ғалым Ахметов – «Жем бойында», роман, Алматы, 1991.

Жарқынбай Назарбаев – қаламы жүйрік, журналист, тарихтың тау тұлғаларын зерттеуші.

Әбдіғали Оразалин – күміс көмей ел тарихының шежірешісі.

Дәде-Ата – Жері еді Жаңғылыштың – Қыздар-Шыққан қасиетті де киелі топырақтың перзенті.

Ниетқали Көптілеуов – тарихи оқиғалардың күміс көмей біліктісі, сұрмерген Жарас ұрпағы.

Садықбек Адамбеков – сатира сардары, Есет Көтібарұлы жайлы драма жазған жазушы.

Оразбай Әділбаев – шежіреші, Есет-Дәрібай кесенелері кешенінің бас жобалаушысы.

Рамазан Нұржанов – тарихшы, батырлар жайлы істерді қолдаушы да ұйымдастырушы.

Муса Бисеналин – заңгер, тарихи оқиғалардың біліктісі.

Әби-Ата – білікті молда, арабтанушы, Қайдауыл ұрпағы.

Смағұл Үмбетов – көнекөз тарихшы.

Сағымбай Жантөре – Бәсен, Жандәулет ұрпағы.

Сарыалтын Жақсылық келіні – төкпе құлақ тарихи оқиғаларды баяндаушы.

Сексенбай Әбиев – Қайдауыл батыр ұрпағы, шебер сөзгер.
Иманбай Жұбай – көрнекті тележурналист, тұнық тарихшы.
Серғали Жанқабылов – сөз бапкері, сұрмерген Жарас баба ұрпағы, Құлқай әулие аталығы.
Аманбай Көздібай – журналист, тарихи тұлғаларды зерттеуші.
Әбдіраш Дүйісов – Көтібар батырдың Шынтемір ұрпағы.
Жұмабек Дүйісов – заманының қайраткері, Еңбек ері.
Әбдіғали Нұрғалиұлы Төлегенов – 1941-45 жылдардағы Отан соғысының партизаны, белгілі шежіреші.

КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Мұқабаның бірінші сыртқы бетіндегі **Есет суреті**, Лондоннан 1865 жылы жарық көрген жинақтағы «Есет-Дала серкесі» көлемді мақалада берілген. Мақала авторлары **Шоқан Уәлиханов, Михаил Иванович Венюков**⁴.

Геркулес: - [лат. Hercules] 1). латинское название древнегреческого мифического героя **Геракла**, отличавшегося большой физической силой; 2). силач, атлет; 3). астр. Созвездие северного полушария неба, в котором находится апекс движения Солнца ... *Словарь иностранных слов, М., 1988, стр. 124.*

- грек мифологиясындағы алып адам. *Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1978, 152 бет.*

- человек, обладающий громадной физической силой (по лат. названию Геракл – герой древнегреческой мифологии). *Ожегов С.И. Словарь русского языка, М., 1989, стр. 132.*

Мұқабаның төртінші сыртқы бетіндегі **Есет суретін** поляк революционер-демократы, суретші **Бронислав Залесский** карандашпен

⁴ «...первым, прорубившим для нас «окно в Европу», является выдающийся казахский ученый Чокан Валиханов, и упоминания о его научно-просветительской деятельности имеются во многих британских, французских и немецких изданиях, начиная с изданной в 1865 году в Англии книги братьев Джона и Роберта Митчелл «Русские в Средней Азии по записям капитана Валиханова и М. Венюкова». *Ираклий Андроников, литературовед ... www.kazpravda.kz=2006-136k-*

... в мае-июне укрепление Верного посетил Чокан Валиханов для изучения им Семиречья... 17 июля пришло сообщение в г. Верный, что в Париже скончался русский ученый Михаил Иванович Венюков, один из первых военных писателей того времени. www.talgar.kz

Жоғарыда аталған кітаптағы «Исет – рыцарь степей» деген мақала авторларының кім екенін еске салу. *Т.Т.*

батырмен кездескенде салып, өзінің «Қазақ сахарасына саяхат» атты кітап-альбомында 1865 жылы **Парижде** шығарған.

* * *

Тұңғыш рет Есет Көтібарұлының «Тауға біткен қайыңның», «Мен, мен едім...», «Заманымда өзімнің», «Қартайдымда қор болдым» жыр жолдары-толғаулары 1908 ж. Қазан қаласында Мақаш Бекмұхамедұлы «Жақсы үгіт» деген атпен жинақ етіп шығарған және «Бес ғасыр жырлайды» жинағының (Алматы, 1989 ж.) 166-168 беттерінде берілді.

Сондай-ақ, осы жолдардың авторының «Кісенделген Дала», «Тарихтың қанды іздері» (Алматы: Атамұра, 2003 және 2005 жж.), романдарында бірқатар толғаулары жарық көрді.

Еске сала кететін бір анықтама, «Бес ғасыр жырлайды» жинағында Есет Көтібарұлы бұрынғы Гурьев облысының Қызылқоға ауданында туған, дүниеден өткен жылдары көрсетілмеген деп жазылған.

Ал В.Тимм басшылық еткен «Русский художественный листок» журналының 1858 жылғы 1 қараша жұлдызындағы № 31 санда: «Есет Көтібарұлы 1803 жылы мамыр айында Үлкен Борсық құмының (Ұлықұмның) Шалқар көлінен жеті-он шақырым жердегі Ақшиде туған» деп жазылған.

Еске салсақ, АБДИ компани АҚ «Қазақ батырлары» атты түрлі-түсті, бояуы қанық топтама фото-альбом, (Алматы, 2007 ж.) шығарған. Әрине, өте құптарлық та игілікті іс! Бірақ Есет Көтібарұлының туған жері, туған жылы, дүниеден озған уақыты қате берілген. Біз осы кітапта тарихи құжаттарға негіздеп, шындығын бердік. Кітапты оқыған адамның көзі ол шындыққа бірден жетеді.

Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістерді көрсетуде де жаңсақтық көп.

Есет халық батыры Көтібар Бәсенұлының бесінші перзенті. Сарыбөпе, Сатай, Шынтемір, Матай, Есет, Дәрібай. Әлемдік тарихта Есет Дәрібай есімдері қалған, сақталған. ХІХ ғасырдан бері Есет-Дәрібай мазары, ХХ ғасыр аяғында Есет-Дәрібай кесене-кешені болып аталады.

Халық батырлары Көтібар Бәсенұлы, тама Есет, Есет Көтібарұлы жайлы осы «Дала Геркулесі» тарихи-деректі хронологиялық роман-трилогияда толық мағлұмат берілген.

Нысанбек Төрекұлов пен Мұхтар Қазыбековтың басшылығымен 1993 жылы Алматыдан шыққан «Қазақтың би-шешендері» атты

жинақта Есет Көтібарұлының толғаулары (234-237 беттерде) жарияланған. Еске сала кететін бір жайт мұндада Есеттің туған жылы, жері, дүниеден өткен мезгілі жансақ берілген. Оның басты себебі, біздің ойымызша, бұл авторлардың қайсысы да Ресей, Европа, Орта Азия архивтеріне еңдей алмаған болар... Ал бұл зерттеушілердің еңбегінің құндылығы-қазақ елінде, қазақ жерінде тарихта ұлттық тұлға ретінде есімдері қалған екі Есетті – бірі шекті Есеттен бір жүз қырық жыл бұрын ғұмыр кешкен ұлы батыр, тархан тама Есет Көкіұлы (авторлар тағы жаңсақтықпен «Қараұлы» деп жазған) атақты би, батыр Бөкенбайдың күйеу баласы екенін сөз етсе; екіншісі – би, батыр, көзінің тірісінде-ақ әулие атанған, халықы пір тұтып, тәу еткен Есет Көтібарұлына қысқа да болса, тарихи нақтылы деректер берген. *«Есет жастайынан халықтың батырлық, шешендік, жыраулық дәстүрін меңгереді. Ертедегі шешендік жыр, хисса-хикаяттарды, шешендік сөз, аңыз әңгімелерді көп білген. Бұл жағынан ол өзінің замандас би, батырлардан қалыспаған. Әсіресе сол өңірдегі Мұрат жыраудың әкесі Мөңке бимен қатар түсіп отырған. Мөңке қайтыс болған соң ол Мұратқа ұстаздық еткен ...»* делінеді.

Көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Тарих толқынында» айдарымен берілген «Егеменді Қазақстан» газетіндегі «Дуадақ қонған боз төбе» деп аталатын (Ел мен Ер хақынан рауаят) зерттеу еңбегінде (14-16-17 қыркүйек, 2005 ж.)... Ахмет Байтұрсынов пен Мұхтар Әуезовты тамсандырған *«Тауға біткен қайыңның»* деп толғайтын толғауын әйгілі Есет би інісі Мұрат Мөңкеұлын айтысқа әзірлегенде, өткендегі аруақты ерлерден Адайда Атақозы, Шотан, Өмір, Темірді айрықша айтуды қатты тапсырған...».

С.Турбин, өзінің «Әскері жинақ» атты кітабында (1864 жылғы №4 санында):

«... Есет біздің елімізге өзінің жиырма шақты қырғыздардан (қазақтардан **Т.Т.**) тұратын нөкерілерімен келді. Мен бұл адамға қызыға қарап тұрдым. Өздеріңіз көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші: бойы ұзын, аса ірі кісі, жалпақ бет, ат жақты, үлкен бадырақ көзді; жүзіне қарап, аса қуатты адам екенін білесіз...», деп жазады.

«Есеттің дене бітімі Геркулеске келеді, оның шойыннан құйылған кесек пішіні, табиғатына сай сұлулығы, жанкешті батырлыққа толы әдіс-айласы Европа адамдарын қайран қалдырса, өз отандастарын

тәнті етіп, табындырып қоярлықтай еді. Ол жөнінде ел аузында талай-талай қызықты хикаялар бар».

Е.П. Ковалевский, орыстың атақты ғалым-жаһанкөзі, жазушы, 1839-1840 ж.

«Имя Исета в Малой Орде было так же грозно, как соотечественника его Кене-сары или как имя героя Кавказского Шамиля».

В.Тимм, журнал «Русский художественный листок», 1858 г., 1 ноября, № 31.

Есеттің ерлігін орыс патша үкіметі де мойындаған. Есетті Ресей патшасымен кездесуге Санкт-Петербургке шақырылғанда құпия жан-дармерия Есетке мінездеме жазған. Онда былай деген жолдар бар:

«Би чеклинского (шекті елі Т.Т.) рода кабаково отделения Исет Кутибаров –влиятельнейший Би и можно сказать, народный герой!»

Есет Көтібарұлы азаттық күрестегі халық батырына айналған әйгілі тұлға.

Тілеуқабыл Боранғалиұлы, «Егемен Қазақстан», 28.12.2002 ж.

* * *

Многоуважаемая госпожа Диттерих!

К: maria.ditterich@web.de

Книга «Тарихтың қанды іздері» носит сигнатуру (картографический знак А/487427). Книга появится в каталоге и может взята напрокат. Установка имени – Törehanov, Tauman.

С дружеским приветом

Марлене Грау.

Гос. и Универ-кая библиотека.

г. Гамбург. Тел.: 040-42838-58-57.

Факс: 040-41345078

Internet: <http://www.sub.uni-hamburg.de>



БІРІНШІ КІТАП

КӨТІБАР БАТЫРДЫҢ КЕТЕ ЕЛІНЕ – НАҒАШЫ ЖҰРТЫНА САПАРЫ

БОЛПЫШ БАТАСЫ

Сәуір⁵ айының соңғы жұмасы. Електің Ақ Жайыққа құятын сағасындағы ел абыр-сабыр. Бүгін мал төлдететін жерлерге үдере көшіп жету керек. Себебі күйекасты болған саулықтарды былай қойғанда, отар-отар саулық, табын-табын сиыр, үйір-үйір бие, келе-келе түйе төлдейтін мезгіл өтіп барады. Бұл елдің осы күнге дейін бөгелуінде үлкен бір себеп бар-ды. Көтібар батыр бастаған Шекті жігіттері нағашы жұртына - Кетенін аса сүбелі байы, биі Боздақ елінің шақыруымен келіп, қырдағы-құмдағы ел бас қосып, жиендеріне сый-сияпат құрмет көрсету үшін бөгеліп қалған-ды. Бүгінгі жұмаға батыр жиені Көтібарды жолға шығарып салып, қош айтып, Ойыл өңіріне бет алуы қажет.

Иә, бұл жылдары ұлы бай, би Боздақ дүниеден өткен. Бірақ бай, би есімі әлі де жаңғырып тұрған, бай елінің ұлылығы сақталған. Өткен жылы ғана жазда Боздаққа ас беріп, ел жиналған еді. Бай дүниеден озарында: «Бәсен⁶ елін, елінің ерлігін танытқан ұлы еңбеккер. Заманында балаларын ертіп келіп, ел мен елді қосып еді. «Жиен ел болмас, желке ас болмас» деген сөздің шындыққа келе бермейтінін Бәсен күйеуден есітіп едім. Қалай деп еді өзі? Иә, «Жиен неге ел болмайды өрісі толы малы болса, желке неге ас болмайды қасында жалы мен жаясы болса» деп еді-ау. Сонда Бәсен: “жиендерінді Жандәулетті,

⁵ Ол заманда, дәуірде жыл, ай аттары, көбіне арабша айтылған, жазылған. Сондықтан ай аттарын арабша беруді жөн көрдік. Сонда былай болды: қаңтар – дәлу; ақпан – хұт; наурыз – хамал; көкек – сәуір; мамыр – зауза; маусым – саратан; шілде – әсет; тамыз – сүмбіле; қыркүйек – мизан; қазан – ахраб; қараша – қауыс; желтоқсан – жедді.

Шығыс халықтарының жыл санауы бойынша былай: жыл басы – тышқан, содан кейін сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, жыл санаудың соңы – доңыз. Жыл санау он екі жылда бір қайталанып тұрады.

⁶ БӘСЕН ЖАПАҚҰЛЫ (1727-1830ж) осы жылдары ғұмыр кешкен ұлы еңбеккер тұлға. Қазақ тарихында, шежіресінде есімдері қалған халық батыры Көтібарды, атышулы бай Тоқпанды, жағы жоқ шешен Көбесті, арыстанды інінен тірісй суырып алатын Жандәулетті, құсбегі Ақпанды берген әке! Кетенін атақты биі, байы Боздақтың күйеу баласы. Даңқты ана Нарбикенің отағасысы.

Ақпанды, Тоқпанды, Көтібар мен Көбесті нағашыларына алып келдім” деп қалжың айтқаны да ел есінде. “Жиен сыбағасын бересіздер” деп езуін тартқаны да ел жадында қалған. Күйеу онысымен қоймай Мұхаммед пайғамбардың қадисін еске алып, “әрбір жиеніне нағашысы отыз үш серке беруге тиіс” деген ұлы пайғамбардың даналық сөзін де айтты-ау сонда. «Күйеу балам мен жиендерімнің сыбағасы дайын»- деп едім сонда. Өкінішке орай, жер аяғы қашық болды ма, заманның былан-талайы, құба қалмақтың жаугершілігі қолбайлау жасады ма, сол уағдаласқан түйін шешілмей, бережағым берілмей қалды. Соңғы айтарым балаларым – даналарым әкеңнің осы уәдесін орындаңдар, Әрине, Көтібар бұл күндері ел таныған, елінің сыйы мен құрметіне бөленген тұлға ғой. Ал Тоқпаны Шектінің сүбелі байы. Өткенде бір рет шақырумен барғанымызда, ортасы ой түскен Тоқпан жылқысының о шеті мен бұ шетіне көз жеткізе алмадым. Жиен ғой деп иығына қолымды салып тұрып: «Қанша жылқың бар?» деп қалжың айтқанмын. Сонда Тоқпан жиенім миығын тарта күліп: «Нағашы-еке, Сіздің Ойыл-Қиыл, Жайық, Елек бойын жауып жатқан жылқыларыңыздан аз-ау деймін», деді. Сонда да деп едім: «Осы өзіміз тұрған Електің басы Көктөбеден сонау Алшынның Теміртауына дейін созылып жатқан өңірді – Жетірудың жылқылы елі мықты. бір буыны Жағалбайлы аталығына дейін, ал мына батысы Ақкемер, Ақтөбе, сонау жағы Қопа, Жем-Темірді алып жатыр ғой», деді. Анау Көбес жиенім сөзшең екен. Әңгімеге араласып, «Нағашы-еке, құлынтайын, жабағысын қоспағанда, бұл жиеніңнің он мыңның үстінде ірі жылқысы, ал анау Ұлықұмның, Жомарты мен Қызылкөлі, Қопасы, Тентексоры, Тебен өзені, Ұйтасты бұлақ, Жамантау, Қайыңды бойларында бес мыңдай сиыры бар. Әкем айтатын-ды: «Жорытқан жолаушының да, азулы аңдардың да, ұры-қарылардың да несібесі біздің Тоқпан өрісіндегі малында» деп. Елге де, жыртқыш аңға да жетіп жатыр. Ал шынтуайтын айтсам, Тоқаң малының, мал ішінде жылқыларының санын білмейді. Есепті жылқышылардың өздері жүргізеді», деді.

* * *

Боздақ бай жанарын мәңгілікке жұмарда артында қалып бара жатқан балаларына осы бір әңгімесін айтып, шектілердің биігі Бәсен күйеуіне ризалық сезімін сыртқа шығарғанды.

Иә, Боздақ дүниеден өткеніне де біраз заман болған. Ал Бәсен бұл күндері қартая қоймаса да, екі аяғын шау басып, белін ұстай беретін болды. Жасы сексеннің сеггеріне аяқ басқан, бірақ еңбектен, әлі де өмірдегі орнын жоғалтпаған жанары жас бүркіттей жайнап, тың, қайраты қайтпаған. Тоқпанның мыңдаған жылқысын Ұлықұмнан Елек бойына жеткізу үшін бас жылқышы Қайдауылға ақылшы, кеңесші. Осы жолы да ел көшіп абыр-сабыр болып жатқанын балаларын нағашы еліне жіберіп, өзі және баласы Тоқпанның жылқышылар қосының жетекшісі Қайдауылдың қасында қалған.

Кете елі Шектінің бұл замандағы қаймағы атанған Көтібар бастап келген жиендерін ұзақ жолға шығарып салу жамтығына қызу кіріскен. Мың сан жылқы ішінен таңдап жүріп, қысырақтың бір тайын сойып, бірнеше тайқазанға етін түгелдей салып, пісіріп, қоштасар қонақасы берді. Екінші тайды сойып, жиендерінің атқосшыларының қоржындарына толтыра салды. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегенмен, жылдың мезгілсіз уақыты, ел қыстақтан төл алатын өңірлерге көшіп жатқан аласапыран кез ғой. Осыны ескерген ауыл жігіттері мен жас келіншектер төрт аттының қосағындағы ерттеулі төрт атқа сегіз қоржынды сықита толтырып ет салған, бірнеше дорба-қоржындарға түйенің сүрленген өркешін де қосқан. Оған қоса бірнеше ешкі терісінен істеген жолға алып жүруге жеңіл шағын местерге шұбат толтырып қанжығаға байлаған.

Түн ортасына қарай қонақасы желініп болғанын Кете елінің ақсақалы Болпыш:

— Ұлы бидің жиендері, қолдарыңды жайыңдар, мен нағашы жұрттарың атынан бата берейін, - деп кіршіксіз ақ көкірегін жауып тұрған аппақ ақ сақалының ұшына салалы да тамыры білеудей болып тұрған қолдарын көтеріп алды.

— Нағашы-еке, біз бата алу үшін келгенбіз, – деді Көбес мол денесін жинай, дізерлей отыра қалды да, етті қолын жайып.

— Бәрекелде, бәрекелде, Көбес жиенім-ай, нағашы атаң сияқты ақ пейілді, ақ жүрек жігіт екенсің. Әкең Бәсен сол бір жылдары Боздақ аталарың бастаған қайын жұртын шақырып ел жинап, үлкен сый-сияпат көрсетіп, атасы Боздақтан бата тілеген еді. Сонда Боздақ би сөзден жаңылған ба, күйеуі Бәсенге, қызы Нарбикеге жылы көздерін салып, қатар түрегеліп бата тілеп тұрған бес жиеніне үлкен ризашылықпен:

— Бәсенжан, сенің ұлы еңбеккер екенінді Досалы ағамен Кете еліне қыз айттыра, құда түсе келгенінде білгенбіз, көргенбіз. Сонда мен жаңылмасам, ел азаматтарына нағашы атаң: «Бұл жігіттің не туыс екенін, не қуыс екенін білейік. Үш сыннан өткізіндер» деп тапсырма берген едім. Ол үш сыннан әкелерің мүдірмей өтті. Қызды беремін. Бірақ сәл кеш қалдыңдар, екі апасы ұзатылып кетті, бұл кенже қызым еді. Иә, бірақ үш аталарыңа дейін батыр болады...

— Ата, ата, түсінбей қалдым. Осы бір әңгімеңіздің түйінін шешіп жіберіңізші,- деп Шоң төте сұрақ қойды.

— Иә, балам!, - деп Болпыш жас балаға таңырқай карап қалды.

— Атасы, таңырқаманыз. Бұл Көтібар жиеніңіздің қолбаласы. Әлі бірінші мүшелге толған жоқ. Батыр үнемі осы баланы өзінің қасына ертіп, ел, жер танытып жүр, - деді тағы да Көбес әңгімеге араласып.

— Ол бір ұзақ әңгіме, балаларым,- деп Болпыш ақсақал етті бетіндегі ақ селеудей ақ кірпігін бір сипап қойды.

— Жо-жок, ата тындаймыз, айтыңызшы,- деп Шоң жармаса түсті. Бетін ешкім қайтармаған, батырлар елінде қайыру, қағажу көрмеген жас буын Шоң қырғыз елінің бір тамшысы болатын.

— Иә, бұл әңгімені білетін осы отырыста ешкім жоқ шығар. Айтайын. Бұдан кейін тұз-дәм жазса, көрісерміз, болмаса,- деп ақсақал кәрі суланған қос жанарын қалтасынан бет орамалын алып, қайта-қайта сүртіп алды да:

* * *

... — Ел Електің құяр сағасындағы Қопа бойында отырған-ды. Сол сүмбіле айы. Алтықарасу, Ойыл, Қиыл бойларының ағын сулары үзіліп, қазан шұңқырларда ғана үйірім-үйірім қарасу қалған. Бозекеннің мыңдаған жылқысы қой, сиыр кешіп жүріп ішкен, шуаштанған бұл суларға еңкеймей, жерініп, шұбырып кететін-ді шығарған. Осындай бір қысыл-таяң шақта қыр басынан екі иығынан дем алып жігіттер жетті де:

— Би аға! Мына оңтүстік шығыс жақтан бір топ салт аттылар келеді. Жүрістері баяу. Қызық. Алдында екі атты. Одан кейін үш салт атты. Олар анда-санда аттарын сыйлай қамшылап, өзара дабырлап әңгімелеседі. Бірақ түсіне алмадым. Дауыстары емес-еміс жетеді. Олардан кейін төрт салт атты, сол үш аттыны ортаға алып, қоршап келеді.

— Сен қысқарт! Қарулы ма, қарусыз ба? Түстері суық па, тұйық па? Оны айыра алдың ба?- деп би ол жігіттің әңгімесін бөліп жіберді.

— Меніңше, жаугершілікте жүрген орыстар емес.

— Қалмақ шығар, онда.

— Жок, ата! Кім де болса, ел арасынын жолаушылары...

— Алдынан шығындар. Тілге келсе, тілдесіндер. Кім білген, қонақтарды қазағым бірнеше топқа бөлген ғой. Құдайы қонақ, сыпайы қонақ, мүдәйі қонақ, кезбе қонақ, терме қонақ. Иә, оларды талдап жатуға уақыт жоқ, барындар! Құдайы және сыпайы қонақ болса, өздері де қазақ кәдесін істейді. Ауыл қарасын көргенсін-ақ аттарынан түсіп аттарын жетектеп, жаяулайды. Ал ана өздерің білетіндей, найзаларын шошандатып, қылыштарын жалтылдатып дегендей... бөгелмендер, барындар!- деді би.

Отырғандар біраз секем алып, жиырылып қалды. Ел елендеулі. Адамдардың көздері суып кеткен. Тек Боздақ бай мол денесін еркіне жіберіп, алаңсыз отырды. Бір кезде:

— Жігіттер, абыржымандар! Тал түсте жау елге шаппайтын еді ғой. Сол таң ата, түн ортасы ауа, ел ұйқыда жатқанда, бүйідей тиіп, елді бүрліктіретін-ді. Бұл ел арасынын не құдайы, не сыпайы қонақтары болар. Ана бас жылқышыға хабар беріндер. Қонақасыға жылқы әкелсін, - деп омырауы ашық ақсұп көйлегінің етегін жинай түсті.

Сол арада екі жігіт былғары белдіктеріне сегіз өрме тобылғы сапты қамшыларын қыстырып, сәлем беріп кіріп келді де:

— Би аға, бұл салт аттылар жер аяғы қашықтан болар. Аттарының аяқ алыстары баяу, қамшының ырғағымен аяңдап келеді, - деді біреуі қою да майда қара күрең мұртын бір сипап жіберіп.

— Ал сен айтшы!- деді екіншісіне Бозекен.

— Бұл құдайы да, мүдайы да, кезбе де, қонақтар емес.

— Сонда?

— Сонда сыпайы қонақтар. Анау қыраң басынан асып түсті де, аттарын жетектеп келеді. Бірақ сол ат үстіндегі қатарларын сақтап жаяулап жүруде.

— Олай болса, алдарынан шығып, кәделерінді жасандар,- деді би аға.

Өздері оншақты салт аттылар болды. Біздің жігіттермен амандасып, әзіл-қалжыңдасып жатты. Содан кейін біздің жігіт-

тер ортада келе жаткан үш адамның аттарын жер казықты ағаш керме желіге байлай салды да, оларды би үйіне қарай алып жүрді.

Бидің ақ ордасына еңкейе кірген арыстай ірі денелі, жалпақ бет, өткір көкшіл көзді, жанарының айналасы дүзгеннің шоғындай қыпқызыл жігіт ағасы бидің алдына келіп, екі дізесін бүгіп сәлемдесті. Еңкейгенде желкесінің сом еті күдірейіп бөлектеніп кетті. Дізесін бүккенде екі саны жас бураның санындай жоталанып би алдында үш адам отырғандай болып көрінді.

Боздақ би бас қонақтарды өз ордасына, қалғандарын келесі қонақ үйлерге орналастырғызды.

— Ал, қызық енді басталды-ау,- деді шыдамсыздана жас бала Шоң, жан-жағына алақ-жалақ карап. Көтібар түсін жылыта Шоңға көз салды да, басына тартқан тептік орамалының сыртынан абажадай етті қолымен бір сыйпап қойып:

— Шоң, мына Көбес сенің атыңды Шоң деп бекер қоймаған. Қырғыздарда «шоң» деген ірі, нар тұлғалы жігіт деген. Атаңнан бәрін біліп ал, ал біз білмейтін әңгімелер бар болар. Елге, ірейіп барасың, - деп қойды.

— Батыр аға, әрине, білуім керек. Бәсен атамның кім болғанын елде айта беретіндер көп. Бірақ мына әңгіме сүйекті екен. Ата тындап отырмыз,- деп Болпыш ақсақалдың шөккен нардай белестеніп жатқан дізесіне жақындай түсті.

— Онда тындаңдар,- деп алды да қоламтаға қойып жылытылған шұбаттан аузын толтыра бір жұтты. Сөйтті де әңгімесін жалғастыра түсті.

— Тай сойылып қонақасы берілді. Үлкен әңгіме дүкені құрылды. Қалмақтардың шапқыншылығы сөз болды. Сонымен қонақтардың кім екені әңгіме арасында анықтала түсті. Бұлар Шекті елінің Әлімінен тарайтын Айт балалары Қабақ-Тілеу аталықтарының, кешірерсіңдер, халық ішінде Тілеу-Қабақ деп аталып кеткен. Ал тарихи деректерге сүйенсек Қабақ Тілеудің ағасы. Қабақ елде қалып, Тілеу қалмақтармен соғыста ерлік көрсетіп, аты қалған. Қателеспесем Тілеу мәйіті сонау Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мазарында, қазақтың хандары мен батырларының қасында жерленген дейді. Ал Қабақтың бір перзенті хан болыпты. Ол да сол ұлы әулие зиратында жатыр делінеді. Айт балаларын елге танытқан көріпкел әулие Тілеу бабаларыңның кен-

жесі Мөңке би⁷ (Ал Кіші жүздің ұраны Қабақ Бактыбай⁸ атты аға батыр). Балаларым, ата-бабаларың елін, жерін қорғаған ірілер болған. Бірақ, - деп қарт біраз бөгеліп қалды. Демін ішіне алып сәл отырды да қолымен салалы сақалын бір сипап жіберіп: - мына арқамыздағы орыс патшасының жандайшаптары тынысты тарылтып келеді. Әрине, оларға орам бермеске бекінген Сырым Датұлы бастаған ерлер – батыр тұлғалар өмірге келді.

— Ата, ата, бері келіңізші, жаңағы қонақтарың жайлы айтыңызшы, - деп Шоң тағы шаужайлай түсті.

— Иә, қонақтар кешкі астарын ішіп, төсектер салынып, бастары жастыққа тигенсін би аталарың ауылдың осы қалай деген аузында сөзі бар, көкірегінде оты бар азаматтарын ауыл сыртына жинатты. Сонсын би сөзді былай деп бастады:

— Жігіттер, бұл келген сыпайы қонақтар. Ел аралдап жүрген шектіліктер. Турасын айтсам, тегін адамдар емес, ылғи ығай мен сығай. Анау Досалы деген басшысы Шектінің текті бір аталығының мықтысы, іргелі байы, көсемсөз көсемі. Қандай сұраққа да дөп басып жауап береді. Тілге келсе, ұстатпайтын шешен адамның талайын көріп едім. Ал бұл төрт аяғымен бірдей жорғалайтын сауырына су тұратын шайқалған жорға адам. Ай-

⁷ Заманында шығыс елдерінде бірінші рет алдын ала болжап айтатын көріпкел гұлама, көсемсөз дана МӨҢКЕ БИ (1675-1756жж) ТІЛЕУҰЛЫН ұлы көріпкел Нос-традамуспен теңестіруге әбден болады. Ұлы бидің аруағына бас иіп, актөбеліктер оған Мөңке биді мәңгілік есте қалдыру үшін екі мың алтыншы жылы Шалқар ауданындағы үлкен бір елдімекен атын берді. Ал ұлы бидің ұрпағы аса талантты ірі тұлға Мұхамедқазы Тәжин есімімен сол елді мекеннің оқу орны аталатын болды. М.Тәжин перзенті Марат Тәжин бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрі, әлеуметтік ғылымның докторы. Докторлығын ағылшын тілінде Лондонда қорғаған. Осы жолдардың авторы орта мектепте Мұхамедқазымен бірге оқыған. Сол бір заманда Мараттың анасы Розаға үйлену тойын басқарған еді.

⁸ БАҚТЫБАЙ ТӨЛЕСҰЛЫ Қабанбай, Бөгенбай, Байрақ, Тайлақ, Қайрақ, Есет, Жәнібек батырлармен XVIII ғасырда құба калмақтар мен жоңғар басқыншыларына қарсы асқан ерлік көрсеткен атышулы батыр. Бәсенұлы Көбес Бактыбай батыр жайлы ел айтып жүретін мына бір жолдарды есіне алады:

*Біздің ел отырады Қобда жайлап,
Қоңынан жарылады бота-тайлақ.
Әлімнің найза ұстаған батырлары,
Жауына аттанушы еді Бактыбайлап.*

Бактыбай Төлесұлының туғанына үш жүз жыл толуына орай 1998 жылы белгілі құрылысшы Оразбай Әділбасвтың басқаруымен Ақтөбе облысындағы бүгінгі Байғанын ауданының аймағындағы «Қарасақал әулие» (батырды жұртшылық осылай атап кеткен) қорымында көрнекті мазар салынды.